



SATBAYEV
UNIVERSITY

**М.Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі
«Көлік инженериясы» бағыты**

7M07140 – «Теміржол көлігі»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және жіктелуі:	7M07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі:	7M071 – Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	M104 – Көлік, көліктік техника және технология
ҰБШ бойынша деңгей:	7
СБШ бойынша деңгей:	7
Оқыту мерзімі:	2 жыл
Кредиттер көлемі:	120

Алматы 2025

7М07140 – «Теміржол көлігі» білім беру бағдарламасы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.

2025 жылғы «06» наурыздағы №10 хаттама

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды.

2024 жылғы «20» желтоқсандағы №3 хаттама

7М07140 – «Теміржол көлігі» білім беру бағдарламасы 7М071 – «Инженерия және инженерлік іс» бағыты бойынша академиялық комитетте әзірленді.

Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі / ғылыми атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
Академиялық комитет төрағасы:				
Абдуллаев С.С.	Техника ғылымдарының докторы, профессор	КИЖЛМ басшысы	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Профессор-оқытушылар құрамы:				
Камзанов Н.С.	Философия докторы (PhD).	«КИ» БББ басшысы.	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Токмурзина-Коберняк Н.А.	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор.	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Ахметова Ш.Д.	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор.	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Жұмыс берушілер:				
Бекетов Т.С.	Техника ғылымдарының магистрі	Бас директор	ЖСШ«Megadrive»	
Білім алушылар				
Қайратова А.Е.	–	2-курс магистранты.	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілердің тізімі	4
1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	16
3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар	18
4. Білім беру бағдарламасының паспорты	20
4.1. Жалпы мәліметтер	20
4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы	24
5. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары	40

Қысқартулар мен белгілердің тізімі

«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ – «Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
БББ – Білім беру бағдарламасы;
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы;
СОӨЖ – студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы;
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары;
ЖОО – Жоғарғы оқу орны;
ЖООКБ – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;
ЖЖОКБҰ – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
СРО – Сәйкестікті растау органы;
ОН – Оқу нәтижелері;
ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ (Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамыту мақсатында құрылған халықаралық ұйым);
ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары;
ЭЕМ – Электрондық есептеуіш машина
КТҚЖМ – Көтеру-тасымалдау және құрылыс-жол машиналары
МВЖҚ – моторвагондық жылжымалы құрамды;
ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ПКМ – Полимерлі композициялық материалдар;
ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру.

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

«7M07140 – Теміржол көлігі» білім беру бағдарламасы 7M071 – «Инженерия және инженерлік іс» кадрларын даярлау бағыты бойынша теміржол жылжымалы құрамын жобалау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу салаларында өзекті ғылыми міндеттерді шешуге қабілетті, заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық ғылым мен техниканың жетістіктеріне негізделген ғылыми зерттеулер жүргізе алатын, ғылыми–педагогикалық бағыттағы құзыретті сарапшыларды даярлауды көздейді. Бағдарлама түлектері өздерінің кәсіби қызметінің нәтижелері үшін қоғам, қоршаған орта және келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіне алуы қажет.

Келесі негізгі Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) бөліп көрсетуге болады: «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» (ТДМ 9).

Бағдарлама магистранттарда келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді:

- көлік инфрақұрылымының неғұрлым орнықты және тұрақты нысандарына көшуге айналасындағы адамдарды ынталандыру қабілеті;
- экологиялық салдарды азайту мен энергияны үнемді тұтынуға бағытталған инновациялық технологияларды енгізу қабілеті;
- көлік жүйелері мен технологиялық үдерістердің адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды шығарындылар мен акустикалық эмиссия әсерін бағалау қабілеті.

«Жауапты тұтыну және өндіріс» (ТДМ 12).

Бағдарлама магистранттарда келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді:

- тұрақты даму мақсаттарына негізделе отырып, техникалық, ұйымдастырушылық-экономикалық және басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті;
- орнықты өндіріс үлгілерін ілгерілетуге жәрдемдесу қабілеті.

«Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» (ТДМ 13).

Бағдарлама магистранттарда келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді:

- өзінің күнделікті және кәсіби қызметінің климатқа қаншалықты қауіпсіз екенін бағалау және қажет болған жағдайда оны тиісті түрде түзету қабілеті;
- климаттың өзгеруінен зардап шегуі мүмкін адамдардың мүддесінде әрекет ету қабілеті;
- өзі қабылдайтын, сондай-ақ жергілікті және ұлттық деңгейлерде қабылданатын шешімдер мен шаралардың өзге адамдар мен әлемнің түрлі аймақтарына ұзақ мерзімді ықпалын болжау, есептеу және бағалау қабілеті.

Білім беру бағдарламасы «Теміржол көлігі» саласы бойынша салалық

біліктілік шеңберіне (СБШ) сәйкес мынадай Кәсіби стандарттарға негізделі отырып әзірленді:

- Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды пайдалану;
- Жөндеуден кейінгі локомотивтердің сапасын бақылау және тексеру;
- Сапа менеджменті;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушысы (профессорлық-оқытушылық құрам).

Теміржол саласындағы қызметкерлерді лауазымдар топтары бойынша бөлу СБШ-ға сәйкес 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Теміржол саласы қызметкерлерін лауазымдар топтары бойынша бөлу

Лауазым тобы	Білім деңгейіне қойылатын талаптар	СБШ бойынша біліктілік деңгейі
Жоғары деңгейдегі басшылар	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	7,8
Басшылар	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5,6,7
	ТЖКБ	5
Мамандар	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5,6
	ТЖКБ	4,5
Қызметкерлер	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5
	ТЖКБ	4,5
	Орта білім	3
Жұмысшылар	ТЖКБ	4
	Орта білім	2,3

Осы білім беру бағдарламасын аяқтаған түлектер ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) және Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) 7-деңгейіне сәйкес келеді және (өндірістік еңбек өтілі болған жағдайда) басшы, маман немесе қызметкер лауазымдарында жұмыс істей алады.

Кәсіби қызмет саласы: теміржол көлігі, көлік техникасы және технологиялары.

Білім алушының кәсіби қызмет объектілері:

- локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды өндіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеумен айналысатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың бөлімшелері;
- локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекемелердің бөлімшелері;
- инновациялық жылжымалы құрамды жобалау, өндіру және техникалық сүйемелдеу жөніндегі жобалау ұйымдарының бөлімшелері;
- локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды өндіру,

пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу салаларында ғылыми зерттеулер жүргізетін ғылыми ұйымдардың бөлімшелері;

– білім беру мекемелері және басқа да ұйымдар.

Кәсіби қызмет түрлері:

- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- сервистік-пайдалану;
- жөндеу-технологиялық;
- ғылыми-педагогикалық;
- сапаны бағалау;
- ғылыми-зерттеу қызметі.

Кәсіби қызметтің функциялары мен негізгі құзыреттері 2–6-кестелерде келтірілген.

2-кесте – «Сапа менеджменті» кәсіби стандартына сәйкес еңбек функциялары, кәсіби дағдылар мен құзыреттер

Кәсіптік карта 1: Сапа жөніндегі бас менеджер		
Қызметінің негізгі мақсаты:	Ұйымда өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу.	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу.
Еңбек функциясы 1: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу	Міндет 1: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесінің құрылымын әзірлеу	Міндет 1: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесінің құрылымын әзірлеу 1. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесінің қолданылу аясын және енгізу шекараларын анықтау. 2. Ұйымның ішкі жүйелерінің қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне жүйелі талдау жүргізу. 3. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. 4. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізуді ресурстық қамтамасыз етуді талдау және бағалау. 5. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізу процесін құжаттық сүйемелдеу. 6. Ұйымның және оның ішкі жүйелерінің процестеріне аудит ұйымдастыру.
	Міндет 2: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін ұйымдастыру	Дағдылар: 1. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізу жоспарын әзірлеу барысында жоспарлау әдістерін қолдану. 2. Өнім (қызмет) сапасын қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс

	жұмыстары	топтарының қызметі шеңберінде іскерлік коммуникациялар жүргізу. 3. Өнім (қызмет) сапасын қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс топтарының қызметін үйлестіру. 4. Құжаттамалық сүйемелдеу материалдарын әзірлеу. 5. Қарсы тараптармен іскерлік хат алмасу және келіссөздер жүргізу.
	Міндет 3: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізуді бақылау	Дағдылар: 1. Ұйымның ішкі жүйелері мен қызметкерлерінің қызмет көрсеткіштеріне бақылау және бағалау жүргізу. 2. Сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының әзірлену сапасын бақылау. 3. Техникалық және ұйымдастырушылық-нормативтік құжаттамаларды талдау. 4. Ұйым ішкі жүйелері мен қызметкерлері қызметінің ауытқушылық факторларын және олардың маңыздылығын анықтау. 5. Жұмыс топтары мүшелерінің қызметін үйлестіру.
	Міндет 4: Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізу процесінде тәуекелдерді басқару	Дағдылар: 1. Өнімге (қызметке) сапа менеджменті жүйесін енгізу тәуекелдерін анықтау. 2. Бұл тәуекелдердің өнім (қызмет) сапасын басқару жүйесіне әсер ету деңгейін айқындау. 3. Тәуекелдерді төмендету механизмін әзірлеу. 4. Тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспарын құрастыру. 5. Жоспардың орындалуын бақылау. 6. Жұмыс топтары мүшелерінің қызметін үйлестіру.

3-кесте – «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогы» кәсіби стандартына сәйкес еңбек функциялары, кәсіби дағдылар мен құзыреттер

Кәсіптік карта 2: ЖЖОКБҰ саласындағы оқытушы, ассистент		
Кәсіп атауы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы саласындағы оқытушы, ассистент	
Қызметтің негізгі мақсаты	Академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызметті жүзеге асыру	
Еңбек функцияларының тізімі	Міндетті еңбек функциялары	1. Оқыту процесін жүзеге асыру 2. Ғылыми зерттеулер жүргізу 3. Ғылыми-әдістемелік жұмыс атқару 4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
	Міндет 1: Білім алушылардың	Дағдылар:

Еңбек функциясы 1: Оқыту	академиялық құзыреттерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	1. Студентке бағдарланған оқыту мен бағалау қағидаттарын ескере отырып, дәрістен басқа оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу; 2. Білім, ғылым және инновацияны кіріктіруді ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу; 3. Сандық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланысты орнату.
	Міндет 2: Білім алушылардың кәсіби құзыреттерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету	Дағдылар: 1. Оқу сабақтарын өткізу барысында кәсіби саланың (жоғары білім беру бағыты бойынша) ерекшеліктерін ескеру; 2. Кәсіптегі инновацияларды (жоғары білім беру бағыты бойынша) оқу үдерісіне енгізу.
Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу	Міндет 1: Ғылымды, жоғары білім мен еңбек нарығын кіріктіруді қамтамасыз ету	Дағдылар: 1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға / шығармашылық жобаларға қатысу; 2. Ғылыми нәтижелілікті және жарияланымдық белсенділікті арттыру; 3. Ұлттық және халықаралық деректер базаларымен жұмыс жүргізу.
	Міндет 2: Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту	Дағдылар: 1. Бакалавриат білім алушыларының зерттеушілік дағдыларын диагностикалау; 2. Бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу / ғылыми-шығармашылық қызметін және жарияланымдық белсенділігін дамыту мен қолдауға арналған стратегияларды қолдану.
Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізу	Міндет 1: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖОО/ЖООКБ) макроүдерістері н ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	Дағдылар: 1. Оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту; 2. Кәсіби біліктілікті арттыру; 3. Бакалавриаттағы семинарлық/практикалық сабақтарды өткізу барысында психологиялық-педагогикалық білімдер мен пәндік білімдерді кіріктіруді қамтамасыз ету; 4. Қазіргі заманғы және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологияларын қолдану.
Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру	Міндет 1: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерілету	Дағдылар: 1. ЖОО/ЖООКБ-ның саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту; 2. Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету;

		3. Академиялық адалдық пен тәртіптілік қағидаттарын сақтау.
	Міндет 2: Білім алушыларды тандаған мамандықтың құндылықтарын баулу	Дағдылар: 1. Білім алушыларда тандаған мамандыққа деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру; 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.
Қосымша еңбек функциясы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл	Міндет 1: Ішкі стейкхолдерлер мен өзара іс-қимыл жасау	Дағдылар: 1. Білім алушылармен, әріптестермен және ЖОО/ЖООКБ қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас орнату; 2. Әріптестермен және ЖОО/ЖООКБ қызметкерлерімен командада жұмыс істеу.
	Міндет 2: Сыртқы стейкхолдерлер мен өзара іс-қимыл жасау	Дағдылар: 1. Білім алушыларды жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдарына тарту; 2. Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту; 3. Сала қызметкерлеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу (білім беру бағытына сәйкес); 4. Әр деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.

4-кесте. «Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды пайдалану» кәсіби стандартына сәйкес еңбек функциялары, кәсіби дағдылар мен құзыреттер

Кәсіптік карта 3: Локомотив депосының басшысы		
Қызметінің мақсаты:	Кәсіпорында қозғалыс қауіпсіздігін, еңбек пен өнеркәсіптік қауіпсіздікті, өрт қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және еңбек қорғауды қамтамасыз ете отырып, жұмыс жоспары мен көрсеткіштерін орындауды ұйымдастыру және басқару.	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Поездардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру. 2. Депо бастықтарының орынбасарларының, нұсқаушы-машинистердің және бөлім бастықтарының қызметін ұйымдастыру және бақылау. 3. Еңбек шарттарын жасау және бұзу, кадрларды орналастыру. 4. Санитарлық нормалар мен экологиялық талаптарға сәйкес депо инфрақұрылымын ұстау. 5. Құжаттамалық және техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, депо

		қызметкерлерінің жұмыс уақытын жоспарлау және тиімді пайдалану.
Еңбек функциясы 1: Поездардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	Міндет 1: Поездық және маневрлік жұмыстар кезінде штаттан тыс жағдайларда локомотив бригадалары қызметкерлерінің әрекет етуге дайындығын қамтамасыз ету	Дағдылар: 1. Локомотив бригадаларының нұсқаушы-машинистерінің жұмысын ұйымдастыру. 2. Депо қызметкерлерінің локомотив шаруашылығы саласындағы білім деңгейін бағалау. 3. Техникалық сабақтар жоспарларын іске асыру нәтижесінде алынған тиімділікті бағалау. 4. Поездық және маневрлік жұмыстарда штаттан тыс жағдайларға дайындық жеткіліксіз болған жағдайда шешім қабылдау.
	Міндет 2: Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды, тыйым салатын сигналдарды басып өтуді болдырмау бойынша жоспарларды әзірлеу және іске асыру	Дағдылар: 1. Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану. 2. Қызметкерлер арасында міндеттерді бөлу және жауапкершілік деңгейін анықтау. 3. Жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстың нәтижелерін талдау. 4. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды алдын алу жоспарларын түзету бойынша шешім қабылдау.
	Міндет 3: Локомотив паркін техникалық жарамды күйде ұстау	Дағдылар: 1. Локомотивтерге техникалық (сервистік) қызмет көрсетуге тікелей жауапты орта буын мамандарын басқару. 2. Локомотивтерге көрсетілген техникалық (сервистік) қызметтің сапасын бақылау. 3. Локомотивтерге техникалық қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша шешім қабылдау.
	Міндет 1: Депо бастықтарының орынбасарларымен, нұсқаушы-машинистермен және бөлім бастықтарымен жиналыстар өткізу	Дағдылар: 1. Қақтығыстардың алдын алу және оларды шешу. 2. Қызметкерлердің жоспарларды орындау тиімділігін бағалау. 3. Жоспарларды орындауға байланысты міндеттерді орынбасарларға қою.
	Міндет 2: Депо бастықтарының орынбасарлары мен нұсқаушы-машинистерден жұмыс қорытындылары	Дағдылар: 1. Қызметкерлердің жұмысын талдау. 2. Депо орынбасарларының жұмысын үйлестіру. 3. Жоспарларды орындауға байланысты міндеттерді қою.

	бойынша есептер қабылдау	
Еңбек функциясы 3: Санитарлық нормалар мен экология талаптарына сәйкес депо инфрақұрылымын ұстау	Міндет 1: Депо инфрақұрылымын санитарлық нормалар мен экология талаптарына сәйкес ұстау бойынша тапсырмаларды бөлу	Дағдылар: 1. Санитарлық нормалар мен экологиялық талаптарға сәйкес инфрақұрылымды ұстау жоспарын анықтау. 2. Инфрақұрылымның санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкестігін бақылау.
	Міндет 2: Санитарлық нормалар мен экологиялық ережелерге сәйкес барлық белгіленген тәртіптер мен талаптарды сақтау	Дағдылар: 1. Атқарылған жұмыстың нәтижелерін бағалау. 2. Кенеттен болатын тексерістерге қатысу.
Еңбек функциясы 4: Құжаттамалық және техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, депо қызметкерлерінің жұмыс уақытын жоспарлау және пайдалану	Міндет 1: Ұйымда басқару жүйесінің құжаттамалық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және жетілдіру	Дағдылар: 1. Қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру. 2. Әрбір қызметкердің жұмысына баға беру критерийлерін анықтау. 3. Жұмыс орындарын және қолайлы еңбек жағдайларын ұйымдастыру.

5-кесте. «Жөндеуден кейін локомотивтердің сапасын бақылау» кәсіби стандартына сәйкес еңбек функциялары мен кәсіби дағдылар, құзыреттер

Кәсіптік карта 4: «Локомотивтерді жөндеу сапасын бақылау бөлімінің бастығы»		
Қызметтің мақсаты:	Локомотивтерді жөндеу, техникалық және сервистік қызмет көрсету сапасын бақылау мен ұйымдастыру, жол үстінде істен шығу себептерін анықтау және рекламациялық жұмыстарды үйлестіру.	
Еңбек функциялары:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бөлім қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру. 2. Локомотивтердің межпоездік жөндеуге түсу себептерін тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізу. 3. Құжаттар мен есептерді дайындау. 4. Бөлім қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін бақылау.
Еңбек функциясы 1: Бөлім қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру	Міндет 1: Бөлім жұмысының жоспарын жасау	Дағдылар:
		1. Бөлім қызметкерлері арасында жұмыс көлемін бөлу. 2. Әрбір қызметкерге тапсырмалар әзірлеу. 3. Орындаушыға тапсырманың мақсатын нақты жеткізу.

		4. Жауапты орындаушыларды белгілеу.
	Міндет 2: Қызметті талдау	Дағдылар:
		1. Қызметкерлердің техникалық даярлық деңгейі мен тиімділігін бағалау. 2. Теміржол көлігі ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын әзірлеу кезінде ақпарат көздерін қолдану. 3. Теміржол көлігі ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің даму жоспарлары бойынша есептілік аясында ұсынылған ақпаратты талдау. 4. Өндірістің технологиялық және техникалық дамуын жүзеге асыру нәтижесінде алынған тиімділікті бағалау. 5. Теміржол көлігі ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің даму жоспарларына түзетулер енгізу жөнінде шешім қабылдау..
		Дағдылар:
Еңбек функциясы 2: Локомотивтердің межпоездік жөндеуге (МПЖ) түсу жағдайларын тексеру жұмыстарын жүргізу	Міндет 3: Тапсырмалардың орындалуын бақылау	1. Есептердің уақтылы жоғары тұрған басшылыққа тапсырылуын бақылау. 2. Ішкі нормативтік актілердің сақталуын бақылау. 3. Еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау. 4. Локомотивтердің нормативтік жүрісіне сәйкес техникалық қызмет көрсетуге қою тәртібінің орындалуын бақылау.
	Міндет 1: Локомотивтердің МПЖ-ға түсу және ақаулық салдарынан қозғалыс қауіпсіздігі бұзылған жағдайларын тексеру	Дағдылар:
	Міндет 2: Тексеру нәтижелері бойынша барлық қажетті құжаттарды ресімдеу	1. Қатысты жөндеу кәсіпорындары мен локомотив бригадалары өкілдерін қатыстыра отырып, тексеру материалдарын дайындау. 2. Локомотивтердің жоспардан тыс ағытылуын болдырмау бойынша іс-шаралар әзірлеу.
		Дағдылар:
		1. Қолданыстағы нормативтік ережелерге, шарттарға және нұсқаулықтарға сәйкес, қажет болған жағдайда рекламациялық актіні ресімдеу және барлық материалдарды жинағаннан кейін филиалдың жоспарлы-экономикалық бөліміне жіберу — шығынды кінәлі кәсіпорындар мен тұлғалардан өтеу үшін. 2. Жөндеу кәсіпорындары мен локомотив бригадалары өкілдерінің түсініктемелерін жинау, бұзушылықтарды растайтын өзге де

		құжаттарды жинау арқылы істі талдауға қажетті материалдарды дайындау.
Еңбек функциясы 3: Құжаттар мен есептерді дайындау	Міндет 1: Көктемгі-күзгі комиссиялық тексерулерге байланысты іс-шараларды әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу	Дағдылар: 1. Есеп дайындау. 2. Іс-шараларды және құжат айналымын тіркеу мен есепке алуды жүргізу. 3. Тексерілетін локомотивтердің санын анықтау.
Еңбек функциясы 4: Бөлім қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін бақылау	Міндет 1: Бөлім қызметкерлерінің қызметін үйлестіру	Дағдылар: 1. Жұмыс орындарын техникалық жабдықтармен және қажетті материалдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 2. Құжаттарды рәсімдеу, өңдеу және есепке алу мәселелері бойынша қызметкерлерге нұсқаулық беру. 3. Қызметті ұйымдастыру әдістерін қолдану.

6-кесте. «Локомотивтерді жөндеуден кейінгі сапасын бақылау» кәсіби стандартына сәйкес еңбек функциялары, кәсіби дағдылар мен құзыреттер

Кәсіптік карта 5: «Локомотив депосының резервтік базасының бастығы»		
Қызметтің мақсаты:	Резервтегі локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамға техникалық бақылау жүргізу.	
Еңбек функциялары	Міндетті еңбек функциялары:	1. Локомотивтерді ұзақ мерзімді сақтау үшін консервациялау және күтіп ұстау жұмыстарын уақтылы әрі сапалы орындау мақсатында резервтік база жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз ету. 2. Резервтік база қызметкерлерінің еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауын бақылау..
Еңбек функциясы 1: Локомотивтерді ұзақ мерзімді сақтауға арналған консервациялау жұмыстарын уақтылы әрі сапалы орындау бойынша резервтік базаның жұмысын ұйымдастыру.	Міндет 1: Техникалық қызмет көрсету, сынақ жүргізу және локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды (МВЖК) тексеру жұмыстарының кестесін жасау.	Дағдылар: 1. Резервтік база персоналының жұмысын үйлестіру. 2. Локомотивтерге техникалық қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша шешім қабылдау. 3. Озық тәжірибені қолдану.
	Міндет 2: Локомотивтерді ұзақ мерзімге консервациялау бойынша жұмыстардың	Дағдылар: 1. Жөндеу жұмыстарына арналған материалдарды ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету.

	уақтылы әрі сапалы орындалуын ұйымдастыру.	2. Өндірістің тиімділігін арттыру жоспарларын әзірлеуге қатысу. 3. Қызметкерлерді ынталандыру.
	Міндет 3: Локомотивтер мен МВПС-тің саны мен техникалық жай-күйі бойынша ақпарат дайындау.	Дағдылар: 1. Есеп құжаттарын рәсімдеу. 2. Жұмысты бағалау. 3. Персоналды басқару бойынша ұсыныстарды талдау және дайындау.
Еңбек функциясы 2: Резервтік база қызметкерлерінің еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауын бақылау.	Міндет 1: Резервтік база қызметкерлерімен техникалық сабақтар өткізу.	Дағдылар: 1. Тікелей бағынышты қызметкерлерді оқыту, бағыттау, ынталандыру, тексеру және бақылау. 2. Қызметкерлерді оқытуға жағдай жасау. 3. Жаңа технологияларды енгізу. 4. Локомотивтерге (МВЖҚ) техникалық қызмет көрсетуге жауапты персоналдың даярлық деңгейін бағалау. 5. Локомотивтерге (МВЖҚ) қауіпсіз техникалық қызмет көрсетуге қатысты нормативтік актілерді меңгеруді ұйымдастыру. 6. Қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігі туралы шешім қабылдау.
		Дағдылар: 1. Локомотивтерге (МВЖҚ) техникалық қызмет көрсету бойынша білімді меңгеруге әдістемелік көмек көрсету және материалды қолжетімді түрде түсіндіру. 2. Ақпаратты қабылдау деңгейін бағалау. 3. Локомотивтерге (МВЖҚ) қауіпсіз техникалық қызмет көрсету бойынша практикалық мысал ұйымдастыру.
	Міндет 2: Резервтік база персоналына өндірістік нұсқаулықтар жүргізу.	Дағдылар: 1. Резервтік база персоналымен тәртіп пен тазалықты сақтау бойынша тәрбиелік жұмыстар жүргізу. 2. Өрт қауіпсіздігін сақтауды талап ету, сондай-ақ база аумағында қоршаған ортаны қорғау шараларын қабылдау. 3. Ұжыммен жиналыстар өткізу.
	Міндет 3: Бекітілген аумақта және цехтарда тәртіп пен тазалықты сақтауын бақылау.	

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

БББ мақсаты: Локомотивтерді жобалаудың, дайындаудың, пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және пайдаланудың жаңа технологиялары негізінде білікті жұмысты жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық құзыреттерді меңгерген, қоғам, қоршаған әлем және кейінгі ұрпақ алдындағы өзінің кәсіби қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті сезінетін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

БББ міндеттері:

1. Білімді түсіну және қолдану

– Жылжымалы құрамды пайдаланудың және жөндеудің негізгі принциптері мен инновациялық әдістерін терең түсінуді қалыптастыру.

– Оқушыларды теориялық білімді тәжірибеде қолдана отырып, жылжымалы құрамды диагностикалау мен жөндеуге үйрету.

2. Аналитикалық дағдылар

– Жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеудің қолданыстағы әдістері мен технологияларын талдау және бағалау қабілетін дамыту.

– Студенттерге зерттеу жүргізіп, жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеудің жетілдірілген әдістерін әзірлеуді үйрету.

– Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге бағытталған инженерлік шешімдерді іске асыру үшін практикалық дағдылар мен құзыреттерді дамыту.

3. Практикалық дағдылар

– Студенттерге жылжымалы құрамды жөндеуге арналған заманауи құралдар мен технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдылар беру.

– Локомотивтердің жай-күйін бақылау және бағалау, сондай-ақ сенімділік пен қауіпсіздікті арттыру технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

– Теміржол саласындағы кәсіпорындарда зерттеу практикасы мен өндірістік тәжірибелер ұйымдастыру.

4. Сыни ойлау және мәселелерді шешу

– Сыни ойлау мен күрделі техникалық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту.

– Оқушыларды жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеудің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инновациялық шешімдерді іздеуге және енгізуге үйрету.

5. Коммуникативтік және тұлғааралық дағдылар

- Оқушыларды топта жұмыс істеуге, әріптестермен және салалық мамандармен тиімді қарым-қатынас жасауға және ынтымақтасуға үйрету.
- Өз идеялары мен жобаларын ұсыну және қорғау дағдыларын дамыту.

6. Ғылыми-зерттеу құзыреттері

- Жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеу саласында зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту.
- Студенттерді пайдалануды және жөндеуді жақсартуға бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеуге және іске асыруға үйрету.

7. Тұрақты даму саласындағы құзыреттер

- Студенттерге тұрақты даму қағидаттарын және оларды жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеуде қолдануды үйрету.
- Экологиялық қауіпсіз әрі экономикалық жағынан тиімді шешімдерді іздеу және енгізу дағдыларын дамыту.

8. Педагогикалық құзыреттер

- Сабақтарды жоспарлау және оқу материалдарын әзірлеуді қоса алғанда, оқыту мен үйрету дағдыларын дамыту.
- Студенттерді әріптестер мен жаңа қызметкерлерге білім мен тәжірибе берудің әдістеріне үйрету.

3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

«7M07140 – Теміржол көлігі» білім беру бағдарламасы барлық білім алушылардың кәсіби қызметке қажетті жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Оқу нәтижелерін бағалаудың негізгі қағидаттары:

- ақпараттың объективтілігі, шынайылығы және ашықтығы;
- оқыту мен білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталуы;
- бағалау құралдарының Мемлекеттік және пәндік стандарттарда белгіленген оқу нәтижелеріне сәйкестігі;
- ақпараттың объективтілігі, шынайылығы және ашықтығы (қайталанған);
- білім алушылардың қабілеттеріне, қызығушылықтарына, әлеуметтік сұранысына және тұлғаны дамыту талаптарына сәйкес білім беру жетістіктерінің нормаларына, талаптары мен көрсеткіштеріне сәйкестігі;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың аралық және қорытынды нәтижелеріне жүйелі талдау жүргізу;
- бағалау үдерісінде негізгі этикалық нормаларды сақтау.

Оқу нәтижелерін өлшеу үшін бағалаудың үш түрі қолданылады: диагностикалық, формативті және суммативті бағалау.

Диагностикалық бағалау білім алушының прогресін бағалау үшін қолданылады – оқу семестрі барысында оқытушы білім алушының бастапқы құзыреттілік деңгейін оның қол жеткізген нәтижелерімен салыстырады. Диагностикалық бағалау нәтижелері оқытушыға оқыту мақсаттарын, ал білім алушыға оқу тапсырмаларын нақтылап беру арқылы оқу үдерісін жетілдіру мен түзетуге негіз болады.

Формативті бағалау білім алушының оқу материалын меңгеруінің жекелей ерекшеліктерін (жұмысты орындау қарқыны, тақырыпты меңгеру тәсілдері және т.б.) ескере отырып, оның прогресін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ табысқа жетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі. Оқытушы формативті бағалауды оқытуды уақытылы түзету, жоспарға өзгерістер енгізу үшін қолданады, ал білім алушы – өзінің жұмыс сапасын жақсарту үшін пайдаланады.

Білім алушының прогресі – оқу салалары аясында білім беру мақсаттарында белгіленген нақты нәтижелерге қол жеткізуі арқылы, оның орындаған нақты жұмыстары негізінде анықталады. Электрондық журналда оқытушы білім алушының жеке прогресіне қатысты өз бақылауын белгілеу арқылы тіркейді.

Суммативті бағалау әр оқу кезеңі бойынша жоспарланған оқу нәтижелеріне білім алушының қаншалықты қол жеткізгендігін анықтау үшін қолданылады және ол ағымдағы, аралық және қорытынды бағалаудан

құралады.

Ағымдағы бағалау – жеке орындалған тапсырмалар бойынша жүзеге асырылады және бағалау нормаларына (дұрыс шешімдер саны, жіберілген қателер саны, рәсімдеу ережелерінің сақталуы және т.б.) және оқытушы немесе білім алушы белгілеген нақты тапсырмаларды орындау критерийлеріне байланысты жүргізіледі. Оқытушы ағымдағы бағалауды оқу материалын меңгерудегі білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізеді.

Аралық бағалау – пәннің силлабусында көрсетілген тапсырмалар түрлері негізінде жүзеге асырылады: жазбаша жұмыстар/дереккөздермен жұмыс; ауызша жауап/презентация; жоба, зерттеу жұмысы, арнайы тапсырмалар; портфолио (жетістіктер папкасы) және т.б. Барлық тапсырмалар түрлері бағалау критерийлері негізінде бағаланады, міндетті түрде өткізіледі және оқытушы тарапынан бағалау жоспарын әзірлеу кезінде алдын ала жоспарланады.

Қорытынды бағалау академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі және қолданыстағы нормалар мен әзірленген бағалау критерийлері негізінде жазбаша түрде жүзеге асырылады.

4. Білім беру бағдарламасының паспорты

4.1. Жалпы мәліметтер

№	Өріс атауы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және жіктелімі	7М07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
2	Дайындық бағыттарының коды және жіктелімі	7М071 – Инженерия және инженерлік іс
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	М104 – Көлік, көліктік техника және технология
4	Білім беру бағдарламасының атауы	7М07140 – «Теміржол көлігі»
